

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Қайыңды негізгі орта мектебі»  
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
с. Қайыңды Шайхы көшесі 18  
kst.ark.knd@mail.ru  
Тел. (871430) 3-02-27



Коммунальное государственное учреждение  
«Кандинская основная средняя школа отдела образования города Аркалыка» Управление образования Костанайской области «Канды ул Шайхы 18  
kst.ark.knd@mail.ru  
Тел (871430) 3-02-27

Бұйрық

Приказ

Бұйрық №283

16.09.2022

«Қамқоршылық кеңесі құрамын  
қайта бекіту туралы»

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдегі Заңы 44-бабы, 9-тармағы, «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдегі № 355 бұйрығы негізінде

#### Бұйырамын:

1. «Арқалық қаласы Қайыңды негізгі орта мектебі» КММ қамқоршылық кеңесі құрамы бойынша өзгерістер енгізілсін;
2. Мектеп директоры м.а. Айтбаев Т.А.
3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы 5- сынып көп бабалы ата-ана Сулейменова Л.К.
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: 7- сынып көп бабалы ата- ана Баймағанбетова Н.К., Хайруллина С.М.
4. Мектеп әлеуметтік мұғалім: Молдахметов М.М.
5. Мектеп психологы: Мырғалиқызы М.
6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау тәрбие ісінң меңгерушісі Қажаянова И.А. жүктелсін.

Мектеп директоры м.а.:  Айтбаев Т.А.



БЕКІТІМНІ  
Қайыңды негізгі орта мектебі  
Директоры м.б.б. Айтбаева Т.А.



Келісімге  
«Қамқоршылық кеңес» төрайымы Сүлейменова Л.К.  
№ 116 88 2022 ж.

**Қамқоршылық кеңесінің 2022 – 2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

№	Отырысы	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген 27.06.2017ж. № 355 Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу 1.2. Қамқоршылық кеңесінің құрамын ішпінара қайта сайлау Қамқоршылық кеңестің тізбесін қалыптастыру Қамқоршылық кеңестің төрайымын, хатшысын сайлау 1.3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқалау, бекіту.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры, қамқоршылық кеңес мүшелері, әлеуметтік педагог
2	2. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау. «Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған, көп балалы отбасы бабаларына көмек көрсету.	Қыркүйек, қазан	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
3	3.1. Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау 3.2. Брачераждық комиссиямен бірлескен түрде мектеп асхананың тағамдарының сапасын тексеруге қатысу.	Жыл бойы Қараша Желтоқсан Ақпан сәуір	Мектеп әкімшілігі Кеңес төрайымы Кеңес мүшелері
4	4.1. Оқу процесін ұйымдастыруда жарықтатудың алдын алу және қауіпсіз орта құру бойынша жұмыстарды талдау 4.2. ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларына қатысу 4.3. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысуға қоғам мен демалушілерді тартуға көмек. 4.4. «Қамқорлық» қайырымдылық акциялары	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры
5	5.1. Қамқоршылық кеңесінің кезектотырыстарын өткізу		
6	6.1. 2022 жылғы 1-2 тоқсан бойынша Арқалық қаласы «Қайыңды негізгі орта мектебі» КММ мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы өлең 6.2. «Наурыз», «Желтоқсан» мерекелік іс-шараларын ұйымдастыруға көмектесу	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры

6.3. Патриоттық тәрбие айлығын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарында қатысу: Жеңіс Күні және Қорғаушылар Күніне мерекелік іс-шараға қатысу.		
7.1. Оқушылардың арасында салауатты өмір салтымен құрқак бұзушылықтардың алдын алу		
7.2. Жазғы демалысты ұйымдастыру және жазғы демалыс кезінде оқушыларды пайдалы жұмыспен қамту	Шілде	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры
7.3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы есеп. 2022-2023 оқу жылы		

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің  
Қайыңды негізгі орта мектебі» КММ  
«Қамқоршылық кеңес» отырысының

### Хаттамасы № 1

Өткізілген күні: 09.09.2022 ж.

Қатысқандар: 19 ата – ана

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Сулейменова Ляззат Қулажановна

Мектеп әкімшілігі

#### Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен танысу
2. Қамқоршылық кеңес құрамының мүшелерінің ішінара жаңадан сайлау
3. Әлеуметтік педагог (хабарламасы, құжаттары)
4. Ыстық тамақпен қамту
5. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын жүру, бекітуге ұсыну

#### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1- мәселе бойынша тәрбие ісінің меңгерушісі Каржауова И.А. сөз алып

Биылдан бастап Оқу- ағарту министрлігі материалдық көмек көрсету ережелеріне өзгерістер енгізілді. Бұған дейін өмірлерде бөлінген сома 17-ден 40 мың теңгеге дейін болса, биыл бұл сома ұлғайтылып, кемінде 37 389 теңгені құрап отыр.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдегі № 355 өзгерістір, толықтырулар енгізілді.

#### Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

- 1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;
- 2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
- 3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
- 4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
- 5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;
- 6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;
- 7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;
- 8) орта білім беру ұйымдары басшысының лауазымына үміткерлермен әңгімелесу қорытындысы бойынша хаттамалық шешім шығарады және келіседі;
- 9) білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдайды;
- 10) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;
- 11) білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысады, білім беру ұйымының психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі.

#### Тыңдалды:

Молдахметов М.М. – мектептің әлеуметтік педагогы.

Мектептегі аз қамтылған, көп балалы, жағымсыз отбасында тәрбиеленіп жатқан білім алушылар мен әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылар туралы ақпарат берді.

Қамқоршылық кеңес мүшелері аз қамтылған отбасынан шыққан балалар мен көп балалары отбасынан балаларына мектепке қажетті құралдармен қамтамасыз етуде көмек көрсеткенін атап өтті.

20 бала ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

**Жарық сөз:** Күн тәртібіндегі мәселер бойынша арнайы құрылған комиссияға ұсынылған тізім бойынша ата-аналар өз құжаттарын ұсынды.

**Қорытынды:**

1. 2022 -2023 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары іске асырылсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің қабылданған шешімдері мектеп сайтына орналастырылсын.
3. «Мектепке жол акциясына» байланысты жұмыстар жүргізілуін қадағалау.
4. Жалпыға бірдей білім беру қорынан / тізім бойынша/ оқушылар ақысыз ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшы: *Myr* /Мырзабек А.Б.

*Suley* /Сулейменова Л. К.